Балқаш қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «29» қаңтар
№ 06/04 қаулысымен бекітілген

«Қарағанды облысы Әділет департаменті» ММ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2026 ж. «08» 05 жүргізілді
БСН 260540006069

«Балқаш қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ

«Балқаш қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Балқаш қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай бөлім) мәдениет және тілдерді дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің мынадай ведомстволары бар:

1) «Балқаш қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Балқаш қаласының саңыраулар клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;

3) «Балқаш қаласының тілдер орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) «Балқаш қаласының мәдени-сауық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбалары, бекітілген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлімге егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделген шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 3.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлім қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлім функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2 - тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) Театр, музыка өнері және кино өнері, кітапхана және мұражай ісі, мәдени-демалыс қызметі саласындағы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қызметін үйлестіру және қолдау; олардың әдістемелік, консультациялық және практикалық көмегін қамтамасыз ету, олардың жұмысын реттеу;

2) Республикалық, облыстық, қалалық байқауларға, фестивальдерге, қатысып, жоғары көрсеткіштерге ие болып жүрген жас таланттарды табуға және қолдау көрсетуге ықпал ету;

3) Ұлттық өнер мен халық шығармашылығын дамыту және қолдау;

4) Мәдени объектілерінің құрылысы, реконструкциясы және жөнделуі бойынша тапсырысшы болу;

5) Қоғамдық, мәдени және көпшілік іс-шараларда фейерверктерді қолдануды ұйымдастыру, бақылау және тиісті рұқсаттар беру;

6) Қаладағы тіл жағдайына талдау жасау және Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңның орындалуын бақылау;

7) Қаладағы мекенжай аншлагтары мәтіндерінің дұрыс жазылуын үнемі бақылауда ұстау;

8) 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның, 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңның, 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңның, Қазақстан Республикасының мәдениет, мемлекеттік және басқа да тілдерінің қолданылуы мен дамуы саласындағы қолданыстағы өзге де нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету мәселелерінде мемлекеттік және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. «Тіл туралы» заңның 25-3-бабы «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының құзыреті» 1-1) тармақшасы «маңдайшаны облыстық және аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте орналастыру туралы хабарламаларды «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылдауды және қарауды жүзеге асырады».

14. Өкілеттіктері:

1) құқығы:

- Өз қызметін орындауға қажетті ақпараттарды мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, басқа да ұйымдар мен азаматтардан бекітілген тәртіпке сәйкес сұратуға, бөлімнің құзіретіне жататын сұрақтарды дайындау және мәдениет және тілдерді дамыту саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру шеңберіндегі ісшараларды жүргізуге мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың қызметкерлерінің қатысуын ұйымдастыруға;

- Қала әкіміне мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік орган қызметін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар беруге, бөлімнің жүргізуіне жататын сұрақтар бойынша ақпараттық-аналитикалық және басқа да материалдарды дайындауды іске асыруға;

- Меншік формасына қарамастан, мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, кәсіпорындармен тіл заңнамасын орындау сұрақтарында, мемлекеттік тілді насихаттау мен дамытуға бағытталған мәдени-көпшілік ісшараларды дайындау және жүргізуде өзара қызмет етуге;

- Тіл саясаты, мәдениет сұрақтары бойынша семинарлар, кеңестер, конференцияларды ұйымдастыруға, қала, облыс және республика деңгейіндегі әр түрлі мекемелердің, органдардың, қоғамдық бірлестіктердің осы сияқты форумдарына қатысуға.

2) міндеті:

- Бекітілген тәртіпке сәйкес тұрғындардың хаттары мен шағымдарын қарастыруға, жеке сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдауды ұйымдастыруға;

- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мәдениет туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, мемлекеттік бағдарламасын, Президент Жарлықтарын, Үкімет қаулыларын, бөлім қызметінің мәселелері бойынша қала әкімінің шешімдері мен өкімдері негізінде және орындау мақсатында бұйрықтар, нұсқаулықтар және басқа да актілерді шығаруға;

- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 75, 156, 455 (екінші бөліктің алтыншы және жетінші тармақшалары, үшінші және бесінші бөлігі), 488-1 баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқылы.

15. Функциялары:

- Кітапхана және музей ісі, мәдени-демалыс саласындағы мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін қолдау және үйлестіру, сондай-ақ тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету жоспарларын әзірлеу және іске асыру, қызмет бағыттары бойынша тұрғылықты жері бойынша тиісті инфрақұрылым құрау;

- Өз бағыттары бойынша Балқаш қаласының аумағын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

- Ойын-сауық мәдени-көпшілік іс-шараларды, сондай-ақ әуесқой шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдар мен конкурстарды ұйымдастыру және өткізуді үйлестіру;

- Тұрғындардың бос уақытын ұйымдастырудың жаңа түрлерін дамыту, жаңа қазақстандық мәдениетті қалыптастыру бағытында ведомствоға бағынысты мекемелер мен кәсіпорындардың жұмысын бақылау;

- Кітапханалар желісін құру және дамыту, олардың қорларын қалыптастыру, кітапханалардың дамуын әдістемелік қамтамасыз ету;

- Мәдени құндылықтарды есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

- Мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу;

- Қала аумағында тілдерді дамытуға байланысты ведомстволық ұйымдардың қызметін үйлестіру;

- Қала аумағында тілдерді қолдану мен дамытудың өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және орындалуын бақылау;

- Ресми ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларын өткізу кезінде медициналық, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша қала аумағында мәдениетті және тіл саясатын іске асыру жөніндегі ақпаратты мерзімінде жинау, талдау және ұсыну;

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің, облыс және қала әкімдіктері қаулыларының, облыс және қала әкімдерінің мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы шешімдерінің, өкімдері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

- Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әкімдік қаулыларының, қала әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

- Қала аумағында мәдениет мекемелерін салу және олардың халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелерін үйлестіру;

- Мүгедектерге мәдениет объектілеріне баруға жағдай жасауды қамтамасыз ету;

- Заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

- Өз құзыреті шегінде мәдениет саласында коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;

- Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың Жарғысын (Ережесін) бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қаржыландыру жоспарларын бекіту;

- Ведомстволық бағынысты мекемелер мен кәсіпорындардың негізгі қызметін қаржыландыруға, мәдениет және тіл саясаты саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға бағытталған қаражаттың жұмсалуын бақылау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен кәсіпорындардың ақылы қызмет көрсетуін бақылау;

- Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуде қолдау және көмек көрсету;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісім бойынша кітапхана және музей ісі, мәдени-сауық қызметі, тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату;

- Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізу;

- Жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Бөлімге басшылықты жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарды ұйымдастырады және оны жүзеге асыруда дербес жауапкершілік артады;

2) бөлімнің қызметін басқарады және бөлімге жүктелген міндеттерді орындауға жауапкершілік артады;

3) бөлім қызметкерлерінің арасында функционалдық міндеттемелерді бөлуді іске асырады;

4) ведомстволық бағыныстағы мекемелер, кәсіпорындар туралы Жарғыларды (Ережелерді) бекітеді, олардың қызметтерін және құзіреттерін айқындайды;

5) бөлімнің құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекеттестігін реттейді;

6) кадрларды орналастыруды жүргізеді әрі бөлім аппараты мен оның жүйелерінің құрылымы және штаттық кесте бойынша ұсыныстар енгізеді;

7) бекітілген кадр саны, еңбек ақы қоры шеңберінде бөлім аппараты мен оны жүйелері бойынша штаттық кестені бекітеді;

8) өз құзыреті шегінде басшы қолданыстағы заңдар негізінде бұйрықтар шығарады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, қала әкімдігінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

9) стратегиялық және ағымдық жоспарларды бекітеді;

10) бекітілген заңнамалық тәртіпке сәйкес бөлім қызметкерлеріне және ведомстволық бағыныстағы мекеме басшыларына тәртіптік жазалар қолданады;

11) бекітілген заңнамалық тәртіпке сәйкес бөлім қызметкерлерін ведомстволық бағыныстағы мекеме, кәсіпорындар басшыл көтермелеулерді іске асырады;

12) мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда Бөлімнің ат өкілдік етеді;

13) заңнамаға сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асыр асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттікт қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

19. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқ құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін. Бөлімге берген мүлік, сондай-ақ қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанд және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Бөлімде бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлік және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілме билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. «Балқаш қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлімнің мынадай ведомстволары бар:

- «Балқаш қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- «Балқаш қаласының саңыраулар клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;
- «Балқаш қаласының тілдер орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- «Балқаш қаласының мәдени-сауық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;